

Орал-Каспий кеме қатынасы арнасын қалпына келтіру жөніндегі табандық тереңдету жұмыстарын жүргізуге қаражат бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 шілде N 1072. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.03. N 1095 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.03. N 1095 қаулысымен. P 9 9 1 0 9 5 _

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 наурыздағы N 299 P990299_ қаулысымен бекітілген Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайту жөніндегі шаралар жоспарының 13-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Орал- Каспий кеме қатынасы арнасын және Қиғаш өзенінің сағасын қалпына келтіру жөніндегі табандық тереңдету жұмыстарын жүргізу шараларын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күтгірмейтін мұқтаждарға көздеген қаражат есебінен 80 (сексен) млн.теңге бөлсін.

2. Атырау облысының әкімі Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесіп табандық тереңдету жұмыстарын жүргізу жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі